


Зеленов ауданы






Аудан Ресей Федерациясының 3 облысымен Орынбор облысы (Первомай, Ташла аудандары), Самара облысы (Большечернигов ауданы) және Саратов облысы (Озинки, Перелюб аудандарымен) шектеседі. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Тасқала, Теректі, Бөрлі аудандары арқылы өтеді.



- Зеленов ауданының территориясы кембрийге дейінгі қатты кристалды негізден тұратын Шығыс Еуропа платформасының құрамына кіреді. Соған байланысты бұл аймақтар тау түзілу процесіне ұшырамаған. Геосинклиналды ауданда кездесетін шөгінді жыныстардың қатпарлануы немесе жанартау процестері бұл аймақтарда болмаған. Геологиялық құрылымы жөніне қатты қабықтың ең терең түскен аймағы. Кристалды жыныстар мұнда 3000 м-ден аса тереңде және палеозой мен мезокайнозой шөгінділерінің астында жатыр. Төрттік шөгінділер қалыңдығы 30 м асатын теңіздік және континенттік жыныстардан тұрады. Теңіз тұнбалары арасында Баку, Хазар, Төменгі және Жоғарғы Хвалын трансгрессиялары қалдырылған теңіз фаунасы бар саз, құм, құм-саз қабаттарынан тұрады. Оларда континентті шөгінділер лесс тәріздес саздақ, құм шымтезекті топырақ қабатымен кезектеліп келеді.


- Аудан территориясының тектоникалық өзгерістерінде жанартау және тау түзілу процестері болмағандықтан, пайдалы қазбалары көбіне шөгінді жыныстар мен ежелгі теңіз жануарлары қалдықтарына тұрады. Аудан территориясында дүниежүзілік маңызы бар мұнай, газ қорларының бар екендігі анықталды. Алғашқы геологиялық зерттеулер тұз күмбездерінің көп таралуы – ауданда мұнай мен газдың қоры бар екеніне көз жеткізді. Аудан аумағында 3000-3500 м тереңдіктен табылды. Соңғы 10 – 15 жылдың ішінде өндіріске қажетті қоры бар Батыс Тепловка, Шынар (Чинарев), Гремячий, Белес (Ростоша), Егіндібұлақ (Цыганов) мұнай-газ конденсат кеніштері 1990-2000 жылдар аралығында ашылды.





- Бұл өлке алғашқы мәліметтерді б.э.д. V – ғасырдың 40 – 30 жылдарында жазылған ұлы грек ғалымы, саяхатшысы Геродоттың “Тарих” деген еңбегінен табуға болады. Онда Каспий теңізі және оның солтүстігінде жатқан территориялар жөнінде мағлұматтар келтірілген.
- Мысалы, Геродоттың « Каспийден солтүстік бағытқа қарай көз жеткісіз кең дала созылған » деген сипаттамасында әңгіме қазіргі Жалпы Сырт жайында болып отырғанын көруге болады.
- Біздің эрамыздың 90 – 168 жылдары өмір сүрген атақты грек ғалымы Клавдий Птоломейдің еңбегінде Жайық өзені және Каспий маңы ойпаты тұңғыш рет кескінделген.
- Араб саяхатшыларының біздің эрамыздың X – XII ғасырларындағы еңбектерінде, Еуропа және Азия елдеріндегі байланыс сипатталған.
- Батыс Қазақстан өңірін алғашқы зерттеушілердің бірі Ресей Ғылым Академиясының корреспондент – мүшесі П.И.Рычковтың «Орынбор губерниясының топографиясы» (1762ж.) еңбегінде облыс, ауданға толық сипаттама берілген.
- Академик П.С.Палластың « Ресей империясының провинцияларына саяхат » (1773 – 1783 жж) деген еңбегінен өлкенің табиғаты жөнінде көп мәлімет табуға болады. Ол Жайық өзенінің алабы жөніне 400 беттік толық ландшафтық сипаттама жазған.
- Академик И.И.Лепехин Жайық өзенінің өсімдіктері және жануарлар дүниесіне толық сипаттама берді. 1870 – 1872 жылдары Батыс Қазақстан өлкесін зерттеу үшін К.М.Бэр, Н.А.Северцевтердің басшылығымен экспедициялар ұйымдастырылды.
- Осы географиялық зерттеу нәтижесінде аудан территориясында жанғыш тақтатастың мол қоры табылды. 1925 – 1926 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы мен Саратов университеті жанындағы өлкетану институты экспедиция ұйымдастырды. Профессор П.С.Рыков аудан территориясын, Дөркөл және Шаған өзендерінің алқабын зерттеді.

- Зеленов ауданының климаты тым континентті. Қысы суық, жазы ыстық. Өзіне тән ерекшеліктері: күн сәулесі мол түседі, ылғал жергілікті, желдің екпіні қатты, топырақта қоры жеткілікті болады. Жылылау құрғақ аудан – Зеленов ауданының территориясын алып жатыр. Қысы суық, ең суық айы қаңтар орташа температура – 200 С.
- Жазы ыстық, ең ыстық айы шілде орташа температура +240 С. Жылдық атмосфералық жауын-шашынның орташа мөлшері 300 мм, көбінесе жаз айларында жауады. Жауын-шашынның мол түсуі мамыр, маусым және қазан айларына тура келеді. Қар жамылғысының қалыңдығы 40 см-ге дейін жетеді. Қардың тұрақты жату кезеңі 125-130 тәулік шамасында.
- Аудан территориясындағы жылы кезең 120-140 күндей болады. Ауаның 100 –тан жоғары температурасының қосындысы 28000-қа жетеді. Ауданның жер беті және жер асты сулары халық шаруашылығы игілігіне көп пайдаланады. Ал олардың ішінде өзен суының маңызы зор.





- Аумақ бедері оңтүстігінде өзен, сайлар және құрғақ аңғарлар кесіп өтетін және солтүстігінде 100 және одан аса метр биіктікті құрайтын толқынды жондары бар (Үлкен Сырт сілемінің суайырығы) ойпат жазықтан тұрады. Ауданның негізгі табиғи су ресурстары Шаған саласымен (116 км) Орал өзені (184 км), Көшім (48км), Ембулатовқа (99 км) Рубежка (82 км), Быковқа (90 км) және сондай-ақ Киров бөгенімен Орал-Көшім суландыру жүйесі және негізінен ауданның солтүстік бөлігінде орналасқан 99 әуіт пен апандар болып табылады.

- Топырақ жамылғысы мынадай негізгі түрлерден тұрады: оңтүстік қара топырақ, қара қоңыр топырақ, қоңыр шалғынды қызғылт, сор, сортаң топырақ.



- . Аудан территориясында негізінен дала зонасының өсімдіктері кең тараған. Жайық, Шаған және Деркөл өзендерінің бойында әр түрлі ағаштардан тұратын орман алқабы бар. Бұл өлкеде ағаш үлкен байлық. Өйткені алқабы ауданының не бары 4% территориясын алып жатыр. Бұл дала зонасында шөптесін өсімдіктерден боз, бетеге, ақселеу, изен, кермек таралған.



- 1. Кирсанов зоологиялық қорықшасы (мемлекеттік қорықша).
- 2. "Петров құмдары" мекені.
- 3. 191 м белгідегі биіктік.
- 4. "Дубовое" мекені.
- 5. Быковка өзені бойындағы қара қандыағаш тоғайы.
- 6. Ембулатока өзені бойындағы қара қандыағаш тоғайлары.
- 7. Цыган тауы.
- 8. Таловка су қоймасы.
- 9. Хреновое көлі.
- 10. Щучкино мекені.
- 11. Гнилое ауылының қасындағы дендарий.
- 12. Погодаев ауылының маңындағы қолдан отырғызылған орман ағаштары.
- 13. Шөлейт жердегі ақ қайың тоғайы.
- 14. Упорный жары.
- 15. Төменгі кирсанов "Цепное" қайраңы.
- 16. Алебастрово қайраңы.
- 17. Балаган қайраңы.
- 18. Кіші Кирсанов балықты қыстайтын қазан шұңқыры.
- 19. Суслиная балық қыстайтын қазан шұңқыры.
- 20. Малофеев балық қыстайтын қазан шұңқыры.
- 21. Бекіре балық қыстайтын қазан шұңқыры.
- 22. Сазан балық қыстайтын қазан шұңқыры.
- 23. Богданов балық қыстайтын қазан шұңқыры.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!